

Жер қатынастарын одан әрі жетілдіру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1994 жылғы 5 сәуір N 1639.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 1997.07.14. N 158 Заңымен. ~
Z970158

"Қазақстан Республикасының Президенті мен жергілікті әкімдерге уақытша қосымша өкілеттік беру туралы" Қазақстан Республикасы Заңына Z933600_ негізінде және жерді өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқымен және пайдалану құқымен түрлі операцияларды жүзеге асыру барысында жер қатынастарын экономикалық реттеуді қамтамасыз ету мақсатында қаулы етемін:

1. Жергілікті әкімдерге жер учаскелерін беру жөнінде Қазақстан Республикасының жер кодексіндегі олардың белгіленген құзыры шегінде азаматтарға жерді өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын сатуға және заңды ұйымдарға (егер олардың меншігі мемлекетке тиесілі болмаса) - жер учаскесін пайдалану құқын немесе жалға алу құқын сатуға рұқсат етілсін.

Азаматтарға белгіленген нормалар шегінде шаруа және жеке қосалқы шаруашылық, бау-бақша шаруашылығын, жеке тұрғын үй мен саяжай құрылсын жүргізу үшін өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын беру тегін жүзеге асырылсын, ал бұл нормалар артқан учаскелерде жерді өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын азаматтар жергілікті әкімдерден сатып алуы мүмкін. <*>

Ескерту. 1-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің 1995.05.12. N 2269 Жарлығымен.

2. Жер учаскелері өмір бойы мұраға қалдырып иеленуге берілген азаматтар жерді өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын басқа азаматтар мен заңды ұйымдарға сата, сыйға тарта, жалға және кепілдікке өткізе алады;

жер учаскелері пайдалануға немесе жалға берілген заңды ұйымдар (егер олардың меншігі мемлекетке тиесілі болмаса) азаматтар мен басқа заңды ұйымдарға жер учаскесін пайдалану құқын немесе жалға алу құқын сата, жалға немесе кепілдікке өткізе алады;

азаматтар мен заңды ұйымдар жер учаскесін өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын, пайдалану құқын немесе жалға алу құқын тиісінше акционерлік қоғамдардың, серіктестіктердің, кооперативтердің, оның ішінде шет елдіктердің қатысуымен, жарғылық қорына (капитал) жарна ретінде бере алады деп белгіленсін. <*>

Ескерту. 2-ші тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Президентінің
1995.05.12. N 2269 Жарлығымен.

3. Пайдалану құқын немесе жалға алу құқын сатуға жатпайтын жерлер мыналар:

жалпы пайдаланудағы (алаңдар, көшелер, өтпелі жолдар, жолдар, жағажайлар, парктер, скверлер және басқалар) жерлер;

көлік және байланыс жерлері;

ұлттық және дендрологиялық парктердің, ботаникалық бақтардың, заказниктердің, табиғат және архитектура ескерткіштерінің жерлері;

сауықтыру, рекреациялық және тарихи-мәдени мақсаттағы жерлер;

орман және су қорларының жерлері, сондай-ақ қорғаныс мұқтажы үшін берілген жерлер деп белгіленсін.

4. Мемлекеттік кәсіпорындардың және мемлекеттік мекемелердің жер учаскелерін иелену құқығының, пайдалану құқығының құны олардың активіне енеді және балансында белгіленеді;

меншіктің жеке нысанындағы ұйымдардың аталған құқықтарының құны олардың активіне енеді және жарғылық қоры өзгертілмей балансында бейнеленеді яки жарғылық қорына белгіленген тәртіппен енгізіледі;

иелену құқығын, пайдалану құқығын алғаш рет сату немесе беру кезінде жеке иеленушілердің олардағы мүлкінің немесе акцияларының үлесі 51 проценттен астамын құрайтын жекешелендірілген кәсіпорындар, егер олар бұрын осы құқықтардың иесінен сатып алынбаған болса, аталған құқықтардың құнын жергілікті бюджетке төлейді. <*>

Ескерту. Жарлық 4-ші тармақпен толықтырылды - ҚР Президентінің 1995.05.12. N 2269 Жарлығымен.

5. Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті мен оның жергілікті жерлердегі органдарына жер учаскесін өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын, пайдалану құқын немесе жалға алу құқын сату құны мен шартын анықтау және жер учаскесін өмір бойы мұраға қалдырып иелену, пайдалану немесе жалға алу құқын сатып алу сату шартының түрлерін әзірлеп, бекіту жүктелсін.

6. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

Қазақстан Республикасының азаматтары мен заңды ұйымдарының жер учаскелерін өмір бойы мұраға қалдырып иелену құқын, пайдалану құқын немесе жалға алу құқын сатып алу - сату тәртібін, сондай-ақ жер учаскесін өмір бойы мұраға қалдырып иеленудің сатып алынатын құқы, пайдалану құқы немесе жалға алу құқы құнының базалық ставкасын бір ай мерзімде бекітетін болсын.

жаңадан сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің

қарауына Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөнінде ұсыныс енгізсін.

7. Бұл Жарлықтың Заң күші бар және Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына тиісті өзгерістер мен толықтырулар енгізілгенге дейін іс-әрекет етеді.

8. Жарлық жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Президенті